

Ж.Қ.Идрышева

т.ғ.к., халықаралық қатынастар және
әлемдік экономика кафедрасының доценті
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Алматы, Қазақстан

А.Е.Еспан

Халықаралық қатынастар факультетінің 4 курс студенті
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Алматы, Қазақстан

ҮНДІСТАН ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Үндістан мен Қытайдың тарихи байланыстары шамамен 2500 жыл уақытты қамтиды. Екі мемлекет арасындағы қазіргі заманғы қатынастарының тарихы 1949 жылдан бастау алады. Осы жылы Үндістан Республикасының премьер-министрі Джавахарлал Неру Чан Кайшидің Қытай Республикасымен (Тайван) байланысты жалғастырудан бас тартып, Мао Цзэдуннің жетекшілігіндегі коммунистік Қытай Халық Республикасын мойындау туралы шешім қабылдады. Әлемдегі халқы ең көп әрі ең тығыз орналасқан мемлекеттер ретінде Қытай мен Үндістан бүгінгі күні ең қарқынды экономикаға, құдіретті қарулы күштер мен жаппай қырып-жою қаруларына ие қуатты державалар саналады. Екі мемлекет те аймақтық, құрлықтық және жалпы жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікке тікелей әсер етуге толыққанды ынталы. Қытай мен Үндістан көптеген халықаралық ұйымдарға, соның ішінде БРИКС-ке мүше. Қарқынды экономикалық даму Пекин мен Нью-Дели арасындағы екі жақты қатынастардың да дамуына түрткі болып отыр. Үндістанның тамаша экономикалық дамуына қарамастан, ол бәрібір Қытайдан әлдеқайда артта қалуда.

Қытай мен Үндістан бір-бірімен бейбіт қатар өмір сүріп келе жатқан адамзат тарихындағы ең көне өркениеттер екені даусыз. Қытай-конфуциандық және үнді өркениеттерінің тарихи даму барысында мидай араласуына объективті факторлар кедергі келтірді. Соның ішінде ең алдымен биіктігі 9 мың метрге жуық аспанмен таласқан Гималай тауларын атап өтуге болады. Екі өркениет негізінен Оңтүстік-Шығыс Азия мен Үндіқытай өңірлерінде сан ғасырлар бойы өзара жүздесіп, өзара ықпалдасты.

Екі өркениеттің арасындағы мәдени, экономикалық және сауда байланыстарының дамуына орта ғасырларда Ұлы жібек жолы оң ықпал етті. Осы кезеңде үнді өркениетінің жетістіктері мен құндылықтары, соның ішінде ең алдымен буддизм шартарапқа тарады. Буддизм әсіресе Оңтүстік-Шығыс және Шығыс Азия аймақтарына кең көлемде тарады. XIX ғасырда Қытай территориясында Англияның бастамасымен бірнеше апиын соғыстары болып өтті. Осы кезеңде Британ империясының ажырамас бөлігі болған Үндістан Англияны қолдауға мәжбүр болды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында

Үндістан мен Қытай Жапонияны және фашизмді талқандауға ерекше үлес қосты.

1949 жылы 30 желтоқсанда Үндістан социалистік емес елдер ішінен алғашқылардың бірі болып Қытай Халық Республикасын мойындады [1, С.16]. Тәуелсіз Үндістан мен ҚХР әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудың түрлі жолдарын таңдады. Сондықтан да соғыстан кейінгі уақыт жағдайында олардың сыртқы саяси бағыттары бір-біріне сәйкес келмеді. Үндістан капиталистік даму жолына түскенімен, сыртқы саясатта қосылмау саясатын ұстанып, соны жүзеге асыра бастады. ҚХР социализмнің негізін құруға бет алды да, халықтық демократия елдерінің лагеріне тартыла бастады. Олар пролетарлық интернационализм қағидаттарына негізделген сыртқы саясатты ұстанды.

Алайда бұл жағдайға қарамастан, Үндістан мен ҚХР жаңа қалыптасу кезеңінің алғашқы жылдарында сауда-экономикалық және мәдени салаларында тығыз ынтымақтастықта болған еді. Онан басқа қос мемлекеттің бірқатар маңызды мәселелер бойынша, атап айтқанда, Азия құрлығында бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Азиядағы ынтымақтастық үшін, империализм мен отаршылдыққа қарсы күрес үшін, Кореядағы соғысты тоқтату, БҰҰ-дағы ҚХР-ның заңды мәртебесін қайта қалпына келтіру, Үндіқытайдағы әскери қимылдарды тоқтау, империалистік акцияға қарсы Египетке қолдау көрсету және тағы басқа.

Үндістан мен Қытайдың «бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасы – Панча-шиланың» авторлары екені де белгілі. Бұл қағида 1954 жылғы Қытайдың Тибет ауданы мен Үндістан арасындағы келісімнің негізіне алынған еді. Сонымен қатар қос мемлекет 1955 жылы Бандунг конференциясын шақыруда және өткізуде белсенділік танытты. Үндістан Республикасы мен ҚХР-ның 1950-ші жылдардың алғашқы жартысындағы өзара қарым-қатынастары саяси құрылысы түрлі мемлекеттер ретінде тамаша үлгі болған еді. 1950-ші жылдары үнді-қытай қатынастары айтарлықтай жылы сипат алып, ешқандай шекаралық дау болмады. Премьер-министр Джавахарлал Нерудің жетекшілігіндегі Үндістан үкіметі «Hindi-Chini bhai-bhai» (Үндістан мен Қытай бауырлар) ұранын жария етті [2, С. 56.].

Бастапқы кездегі тығыз жақындастық пен ынтымақтастық курсына қарамастан, ХХ ғ. 50-ші жылдарының аяғы мен 80-ші жылдарының соңы Пекин мен Нью-Дели арасы өткір мемлекетаралық қайшылықтар мен қақтығыстарға толы болды. Оған ең алдымен шекаралық даулар мен келіспеушіліктер тікелей ықпал етті. Екі мемлекет арасында 1962 жылы, 1967 жылы және 1987 жылы шекаралық қақтығыстар орын алды. 1959 жылы Тибет басшысы Далай-ламаньң Үндістанға қашуы екі елдің арақатынасын одан әрі шиеленістірді.

ХХ ғ. 80-ші жылдарының аяғы мен 2000-ші жылдар Үндістан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы «жылымық кезеңі» ретінде қарастырылады. Осы уақытта екі мемлекеттің жетекшілері түрлі деңгейде кездесулер мен келіссөздер өткізу арқылы төтенше қайшылықты қатынастарды барынша жұмсартуға күш салды. Осы кезеңде Үндістан да, Қытай да экономикалық даму жолына түсті. Үндістан Республикасы ядролық қаруды сынақтан өткізіп,

ядролық державалар клубына қосылды. Үндістан халықаралық және аймақтық ұйымдар аясында белсенді рөл ойнай бастады [3].

Қазіргі кезеңде екі мемлекет аймақтық жетекшілік үшін бәсекелес саналады. Үндістан Қытай сияқты мықты державалардың бірі, ядролық клубта мүшелік, халқының саны, өндірістің дамыған салалары және көптеген мәселелер бойынша ортақ мүдделері бар. Көп уақыт бойы Үндістан мен Қытай арасында Тибет туралы дипломатиялық қайшылықтар; территориялық және шекаралық мәселелер, сонымен қатар қытай-пәкістан яскери-стратегиялық одақ проблемасы бар. Осыған қарамастан, XX ғ. 80-ші жылдарының соңында Пекин мен Нью-Дели дипломатиялық және экономикалық қатынастарға қайта дем беруге тырысты. 2008 жылы Қытай Үндістанның ірі сауда-экономикалық әріптесіне айналды. Бұдан бөлек, тараптар стратегиялық және әскери, қорғаныс салаларында да ынтымақтастықты барынша арттыруға тырысуда.

Беделді халықаралық эксперттердің пікірінше бірнеше ондаған жылдар көлемінде Үндістан Республикасының халықаралық сахнадағы беделі арта түсті. Егер, ол 1970-ші жылдары Оңтүстік Азияда жетекші рөлге қол жеткізсе, 1980-ші жылдары толығымен аймақтық азиялық жетекші державаға айналды. Осының нәтижесінде, 1990-шы жылдары ұлы державалар арасында Үндістанның аймақтық және құрлықтық үрдістердегі тұрақтандырушы рөліне мойындауға байланысты ортақ оң пікір қалыптасты.

Қытай өз сыртқы саясатында дамушы елдер арасында өз ықпалын сақтауға және арттыруға, сонымен қатар олармен саяси және сауда-экономикалық байланыстар аясын арттыруға айрықша көңіл бөлуде. Халықаралық қауымдастық Үндістанның аймақтық және халықаралық белсенділігін, Қосылмау қозғалысының беделді лидері ретіндегі рөлін оң үрдіс ретінде бағалайды. Осы себептен, Пекин Үндістанмен арадағы қатынастарды ретке келтіруді үшінші әлем елдерімен және Қосылмау қозғалысына мүше мемлекеттермен арақатынасты ары қарай дамытуға зор мүмкіндік беретін кілт ретінде қарастыра бастады. Қытай үшін XX ғ. 60-70-ші жылдарында ел басшылығының сыртқы саясатта ұстанған күйтырқы қадамдарының салдарын жою, сондай-ақ елдің үшінші әлемде құлдырап кеткен беделін қайтадан асқақтату мейлінше маңызды болды. Қытай басшылығы Пекин мен Нью-Дели бірдей дәрежеде Азиялық және жалпы жаһандық тұрақтылық пен бейбітшілікке жауапты екенін түсінді.

Алайда, екі жақты қарым-қатынастарда шешімін табуға тиіс іргелі қайшылықтар айтарлықтай көп болды. Пекин үшін Нью-Делимен шекаралық және территориялық дауларды шешу аса маңызды мәселеге айналды. Пекинді «Тибет мәселесінің» халықаралық сипат алуы қатты мазалады. Жоғарыда айтылған іргелі проблемаларды шешу үнді-қытай қатынастарының реттелуінің басты тетіктері болған еді.

XX ғасырдың соңғы онбес жылдығында Пекин өз батыс аудандарындағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті Нью-Делимен арада конструктивті әріптестік орнатпай қамтамасыз етудің әсте мүмкін емес екеніне көзі жетті. 1981-1987 жылдар аралығындағы екі жақты шекаралық келіссөздер Пекин мен Нью-Делидің арақатынасындағы қайшылықтарды шеше алмады. Сондықтан 1987

жылдың 15-18 қарашасында Нью-Делиде өткен екі жақты келіссөздердің сегізінші кезеңінде тараптар тек эксперттердің жігерімен шекаралық-территориялық проблемалар кешенін шешудің тіпті мүмкін емес деген қорытындыға келді. Бұл мәселе екі құдіретті азиялық мемлекеттің арасындағы қатынастар кешені тұрғысынан қарастырылуы қажет еді. Бұл үшін саяси деңгейдегі диалог қажет болды. Осы себептен, қос тарапта өзара қатынастарда «бетбұрыстың», «өзара сенімділік пен ынтымақтастық жүйесін» құрудың мейлінше қажет екенін түсінді. Тараптар шекаралас аудандардағы жағдайды ушықтыруға алып келетін іс-қимылдар жасаудан аулақ болуға уағдаласты. Үндістан Республикасының премьер-министрі Раджив Гандидің Аспан асты еліне ресми сапар жасауын белгілеуі Нью-Делидегі келіссөздердің ең маңызды жетістіктерінің бірі болды [4].

Қытай-үнді қатынастарындағы аса маңызды кезеңдердің бірі ретінде Үндістан Республикасының премьер-министрі Раджив Гандидің 1988 жылы желтоқсанда Пекинге жасаған ресми сапарын атап өтуге болады. Бұдан бұрын Қытайға ресми сапармен келген бұрынғы үнді премьер-министрінің сапарынан бері 34 жыл уақыт өткен екен. Осы сапар нәтижесінде Пекин мен Нью-Дели арасындағы қатынастардағы қайшылықтар біртіндеп шешіле бастады. Үндістан Республикасының басшысының Пекинге келуі Үндістанның дәстүрлі саясатында айтарлықтай өзгерістердің орын алғанын дәлелдеп берді: біріншіден, Үндістанның Қытайға деген дұшпандық қатынасынан біртіндеп бас тартуы; екіншіден, үнділердің шекаралық-территориялық даулар мен келіспеушіліктерді шынайы түрде реттеуге көңіл аударуы; үшіншіден, Қытаймен қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласы бойынша тығыз ынтымақтастық пен әріптестік байланыстарын орнатуға деген толық дайын екенін білдіру.

Раджив Гандидің ресми сапары барысында 1988 жылы 23 желтоқсанда қабылданған үнді-қытай біріккен коммюникесінде Пекин мен Нью-Дели екі мемлекет басшылары бейбіт және достастық негізде шекаралық-территориялық дауларды шешуге келісті деп мәлімдеді. Шекаралық мәселерді реттеумен қатар тараптар өзге салаларда да тығыз ынтымақтасу қажеттігін атап өтті. Мәлімдемелер мен уағдаластықтардың құр сөз күйінде қалып қалмас үшін және нақты шараларды жүзеге асыру мақсатында тараптар шекаралық мәселе бойынша, сонымен қатар сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық мәселелер бойынша біріккен жұмысшы тобын құрды. Екі мемлекетте шекарадағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың сақталуына толығымен мүдделі екендіктерін еш жасырмады. Қытай тарапының пікірінше, «қос мемлекет те шекаралық мәселені реттеудің қажетті тетігін тапты» [5].

1998 жылы мамырдағы үнді ядролық сынақтары үнді-қытай қатынастарының біршама салқын тартуына өз әсерін тигізді. Бұл сынақтың Оңтүстік Азиядағы бейбітшілік пен тұрақтылық үшін қауіпті екенін Қытай тарапы ашық мәлімдеді. Үндістанның екінші ядролық сынағын Қытай қатаң сынады. 1999-2002 жылдары екіжақты қатынастар біршама тұрақталды. 2003 жылдан бастап жақсара бастады. 2003 жылы Қытайдың жоғарғы басшылары Пекинде үнді парламентінің өкілдерімен жеке кездесу өткізді. Қытай

Үндістанмен экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге шақырады, қазіргі өзара сауда көлемі 3 млрд долл.-дан 10 млрд долл көтеру. Саяси жағынан Қытай Үндістанмен халықаралық терроризмге қарсы ынтымақтасуды қалайды. Бірақ, Үндістанға қарсы террористерді қолдап отырған Пәкістанға Қытай қатаң позиция ұстанбаса, терроризмге қарсы ынтымақтастық толық түрде болмайды [6].

Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс Азиядағы ҚХР мен Үндістан әріптестігі әр жақтың ұлттық мүддесін көздейді. Мысалы, осындай саясатқа Қытайдың Мьянмадағы (Бирма) экономикалық және стратегиялық мүддесі. Мьянма Үнді мұхитына жол ашады және Оңтүстік пен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы сауда үшін құрлық көпірі болып табылады. Сондықтан, ҚХР-ң шаруашылық дамуына халықаралық ынтымақтастық керек. Үндістанмен қарым-қатынастың нығайуы ҚХР-ға мұнай келуінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Соңғы кезде әскери жағынан сенімділікті нығайтуға екі жақ тарапынан бағытталған шаралар жүргізілуде. 2003 жылдың қарашасында екі ел бірінші рет бірігіп теңіз жаттығуларын өткізді.

Әлі күнге дейін шешімін таппаған мәселелердің болуына қарамастан, Үндістан мен Қытайдың өзара жақындасуы мен ынтымақтасу үрдісі ары қарай жалғасын тауып отыр. Қытайдың Үндістанның стратегиялық қарсыласы Пәкістанмен тығыз одақтасуы әрине Нью-Делидің мазасын қашырады. Бірақ Қытай бір мезетте Пәкістанмен де, Үндістанмен де ынтымақтаса алады.

Соңғы жылдары Қытайдың Оңтүстік Азия аймағы мен Үнді мұхитындағы интеграциялық үрдістерге, соның ішінде Оңтүстік Азия аймақтық ынтымақтастық ассоциациясының аясындағы ынтымақтастыққа қызығушылығы артып келеді. Осы бағытта Пекин Оңтүстік Азия аймағындағы тұрақтылықты күшейтуге және өңірде ораналасқан мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды барынша бәсеңдетуге күш салуда. Осы арқылы Қытай өзінің батыс аумақтарындағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуды көздеп отыр.

Шарықтап дамып келе жатқан экономикалық және стратегиялық байланыстарға қарамастан, Пекин мен Нью-Дели арасында толыққанды әріптестік байланыстарды орнату жолында бірқатар кедергілердің бар екені жасырын емес. Екі жақты сауда қатынастары тынымсыз артып келе жатқанымен, Үндістан Қытайдың алдында мықты бәсекелес бола алмай отыр. Қытай экономикалық жағынан өз әріптесінен әлдеқайда қуатты екені айқын. Сондықтан екі жақты сауда және экономикалық ынтымақтастықтан негізінен Пекин көп ұпай жинап отыр.

Қанша күш жұмсалғанына қарамастан, Пекин мен Нью-Дели шекаралық және территориялық дауларға ақтық нүкте қоя алмады. Осы себептен үнді бұқаралық ақпарат құралдары бірнеше мәрте қытай әскерилері тарапынан шекараны заңсыз қиып өткені туралы ақпарат таратылған болатын. Екі жақ та шекара бойымен әскери бекіністер инфрақұрылымын салуға барынша күш салуда. Оның үстіне Пекиннің Исламабадпен тым жақын одақтас болуы Үндістан басшылығының мазасын кетіруде. Өз кезегінде Қытай тарапынан Үндістанның әскери-теңіз күштерінің Оңтүстік-Қытай теңізінің суларында орналасуы қатты алаңдатуда.

Дели Үндістанды орталық күштің бірі ретінде қарастырады. Екі елдің де адами ресурстарын және қарқынды дамушы экономикасын ескерсек, ірі әлеуетті нарығы бар мемлекеттер деп тануға болады. Үндістан өзінің аймақтық және ғаламдық ықпалын арттырып келеді. Ол экономика мен жаңа технологияларда «бұзып жарушы» ретінде серпіліс жасауға дайын. Мұның өзі ХХІ ғасырдың бірінші жартысында Азияда және әлемде күштердің стратегиялық арақатынасында маңызды фактор болмақ.

Адами ресурстар әлемде дамудың негізгі маңызды факторларының бірі екені анық. Бүгінде әлемнің құрылысы әрі дамушы және артта қалушы мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастар сипаты туралы қалыптасқан ескі стереотиптер мен пікірлерді қайта бағалау қажет. Бұл үрдіске ХХІ ғасырда Үндістан мен Қытай тәрізді алып мемлекеттердің және қалыптасып келе жатқан нарығы бар өзге де жылдам дамушы ірі елдердің әлемдік сахнаға шығуы ықпал етіп отыр.

1. Дьяков А.М. Индия во время и после второй мировой войны (1939-1949 гг.). М., 1952.
2. Паниккар К.М. Очерк истории Индии. /Пер. с англ., М., 1961.
3. Кальвокоресси П. Мировая политика 1945-2000. В 2-х частях. Часть 2. М., 2003.
4. Sikri Rajiv. Challenge and Strategy: Rethinking India's Foreign Policy. New Delhi: SAGE, 2009 // Foreign Affairs. Jan./ Feb. 2010.
5. Ачин Ванаик. Азиатские с оперники // Русский Журнал. 21.12.2009.
6. Achin Vanaik. Misconceiving Asia. New Left Review. September–October 2009. №. 59. P. 138-144.